23319466059

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# ШЕШІМ

2025 жылғы 11 қыркүйек № 4712-25-00-2/2279 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Н.Худибаева,
сот отырысының хатшысы Ж.Калдыбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында, қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қарақия аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«CaspiBrandMaster» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАП МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:**
жеке кәсіпкер «Рембаза»
жеке кәсіпкер «Стройтехника»

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
талап қоюшы өкілі Б.Күмісқалиев
жауапкер өкілі Ж.Жумагалиев
үшінші тұлға өкілі М.Сейфуллин

**<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>**

2024 жылы 20 мамырда ұйымдастырушы «Қарақия аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесімен, тапсырыс беруші «жетібай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесімен жалпы сомасы 67 051 241,07 теңгені

құрайтын «Жетібай ауылының орталық алаңын абаттандыру» жұмыстары бойынша мемлекеттік сатып алуға конкурс жариялаған.

Конкурсқа қатысуға 7 әлеуетті өнім беруші өтінімдер берген, соның ішінде «CaspiBrandMaster» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бар (бұдан әрі- «CaspiBrandMaster» ЖШС).

2025 жылы 23 мамырда конкурстың қорытындысына «ЮгСервисСтрой» ЖШС-нен №258159 шағым түскен.

Шағым бойынша тексеру нәтижесінде «CaspiBrandMaster» ЖШС конкурста қойылған біліктілік талаптарының сай, материалдық ресурсының бар екендігін растау үшін, жеке кәсіпкер «Рембаза» мен 8 сәуір 2025 жылы жасасқан №28ИР-04/2025 арнайы техниканы жалдау шартына сәйкес Кран башенный QTZ 100 және жеке кәсіпкер «Стройтехника» мен 8 сәуір 2025 жылы жасасқан №18ИС-04/2025 арнайы техниканы жалдау шартына сәйкес Подметательноуборочная машина DULEVO850, Кран гусеничный МКГ-16 жалдағаны туралы шарттар бойынша жалған деген ақпарат ұсынған.

Талап қоюшы әлеуетті өнім беруші «CaspiBrandMaster» ЖШС конкурсқа қатысқан кезде біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат бергені үшін оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талапты қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілдері талап қоюмен келіспей, қарсы пікірді көрсеткен уәждерін қолдап, талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Үшінші тұлғалардың өкілі «CaspiBrandMaster» ЖШС-мен шарт жасақталмағанын, техникаларды жалға бермегенін және тиісінше ақша алмағанын, шартатр «ЮгСервисСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жасақтағанын айтты.

## СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 3-бабының 1) тармақшасына сәйкес, анық емес ақпарат – біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Заңның 14-бабының 1-тармағына сәйкес, анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген

Құжатқа қол қойылған: Худибаева А. Н., 18.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 24.12.2025, судья Худибаева А. Н., 08.01.2026
4712-25-3-1/2097

тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Заңның 8-бабы 4-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес, біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 9-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші:

1) біліктілік талаптары бойынша;

2) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат ұсынған кезде Заңның 11-бабы 1-тармағының негізінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуы мүмкін.

Мұндай жағдайларда біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттарға қатысты кез келген анық емес мәліметтер өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін негіз болып табылады.

Іс-құжаттарына сай, «CaspiBrandMaster» ЖШС конкурсқа қатысу барысында материалдық ресурстары ретінде жеке кәсіпкер «Рембаза» мен 8 сәуір 2025 жылы жасасқан №28ИР-04/2025 арнайы техниканы жалдау шартына сәйкес Кран башенный QTZ 100 және жеке кәсіпкер «Стройтехника» мен 8 сәуір 2025 жылы жасасқан №18ИС-04/2025 арнайы техниканы жалдау шартына сәйкес Подметательноуборочная машина DULEVO850, Кран гусеничный МКГ-16 жалдағаны туралы шарттар ұсынған.

Демек, шарт біліктілік талаптарына және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжат болып табылады.

Шарттың талаптарына қарағанда жеке кәсіпкер «Рембаза» мен жеке кәсіпкер «Стройтехника» Кран башенный, Подметательноуборочная машина мен Кран гусеничныйды «CaspiBrandMaster» ЖШС 2025 жыл 31 наурызға дейін уақытша қолдану үшін берген.

Алайда, тексеріс нәтижесінде жеке кәсіпкер «Рембаза» мен жеке кәсіпкер «Стройтехника», «E-Otinish» арқылы 2025 жылғы 28 мамыр және 29 мамыр айында «CaspiBrandMaster» ЖШС-мен шарттар жасақталмағандығы туралы жауап берді.

Құжатқа қол қойылған: Худибаева А. Н., 18.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 24.12.2025, судья Худибаева А. Н., 08.01.2026
4712-25-3-1/2097

Сотта, жауапкермен делдалдың арасында шарттар сканерленген нысанда жолданғаны және шарттардың түпнұсқасы жоқ екені анықталды.

Осылайша «CaspiBrandMaster» ЖШС конкурсқа қатысу барысында материалдық ресурстарына қатысты анық емес ақпарат ұсынған.

Бұл мән-жайды кері шығаратын дәлелдемелерді жауапкер АПК-нің 72-бабына сай сотқа ұсынбады. Бұл оның процессуалдық олқылықтары болып табылады.

Тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды (АПК-нің 73-бабының 1-бөлігі).

Өз кезегінде, сотқа шешімді болжамдаудың негізінде құрастыруға тыйым салынған. Ұсынылған мәліметтердің шынайылығы бойынша жауапкершілік әлеуетті өнім берушіге жүктелген.

Жауапкердің мемлекеттік сатып алу конкурсына анық емес ақпарат беруі оған Заңның 8-бабы 4-тармағының 1)-тармақшасында көзделген салдарға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 8-бабының 4, 5-тармақтарына сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, ал кәсіпкерлер - бұған қоса іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың басқа тұлғаға зиян келтіруге, құқықты өзге нысандарда теріс пайдалануға, сондай-ақ құқықты оның мақсатына қайшы келетіндей етіп жүзеге асыруға бағытталған әрекеттеріне жол берілмейді.

Осы баптың 3-6-тармақтарында көзделген талаптар сақталмаған жағдайда сот адамға тиесілі оның құқығын қорғаудан бас тарта алады (АК-тің 8-бабының 7-тармағы).

Бұл жағдайда, сот жауапкердің конкурсқа қатысу барысында өзіне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде көрсетілген заң талаптарын сақтамаған деп тауып, оған тиесілі оның құқығын қорғаудан бас тартады.

Жоғарыда көрсетілген негіздерге байланысты және қолданыстағы заң талаптарына сәйкес, сот жауапкердің мемлекеттік сатып алу конкурсына анық емес ақпарат ұсынғанын, талап қоюшының Заңның 8-бабының 4-тармағында белгіленген мерзімде сотқа жүгінгенін ескеріп, әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, талап қою қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

Құжатқа қол қойылған: Худибаева А. Н., 18.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 24.12.2025, судья Худибаева А. Н., 08.01.2026

АПК-тің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 (0,5 АЕК=1 966 теңге) теңге мемлекеттік баж өндірілуі қажет.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226- баптарын басшылыққа алып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

«Қарақия аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «CaspiBrandMaster» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«CaspiBrandMaster» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«CaspiBrandMaster» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.Н.Худибаева

Құжатқа қол қойылған: Худибаева А. Н., 18.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 24.12.2025, судья Худибаева А. Н., 08.01.2026